

мәселелерін қозғау арқылы отарлық империямен күрес жүргізген. Себебі, тарихтағы Кенесары ханның көтерілісін зерттей келе, ол қарулы күрес жолымен ешқандай нәтиже шықпайтынын ескеріп, патшалық империямен тек Ресей заңдарымен ғана күресу қажеттігін білді. Әйгілі «Қарқаралы петициясында» Ә.Бөкейханов қазақ жерлерінің меншігі қазақтарда қалу керек деген талабы да осының дәлелі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Бөкейханов Ә. Шығармалар. / Құрастырушы Қойгельдиев М. – Алматы: Қазақстан, 1994 ж., 384 бет.
- 2.Брежнева С.Н. Русские переселенцы в Туркестане: проблемы взаимоотношения с местным населением. // Научные ведомости. Тарих, Саясаттану сериясы. 2016 ж., №1 (222).
- 3.Исмағұлов Ұ.Ш. Қазақстандағы жер мәселесі (1917 – 1940 жж.): тар. ғыл. докт. ...автореф. – Ақтөбе, 2010. – 54 бет.

ӘОЖ 94 (574)

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ НҰРҒАЛИ ИПМАҒАМБЕТОВ

Дәметкен СҮЛЕЙМЕНОВА,
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық
университетінің оқытушысы, қауымдастырылған профессор,
тарих ғылымдарының кандидаты

XX ғасырдың басында ұлттық мемлекет құру, ұлттық автономия жариялау мәселесі Алаш қайраткерлерін сан толғанысқа түсірді. Себебі, көп ұлтты өлкеде бірыңғай Қазақ автономиясын құру мұжықпен аралас қазақтардың бөлініп қалуына, ал қазақтарды бір ту астына жинау тез арада шешілетін шаруа емес еді. Алашорда үкіметінің Батыс бөлімі 1918 жылы 18 мамырда Орал қазақтарының IV съезінде Жымпиты елдімекенінде «Ойыл уәлаяты» атты Уақытша үкімет құрған болатын.

Нұрғали Ипмағамбетов осы құрылған «Ойыл уәлаяты» үкіметінің қызметіне бірден ат салысып, қызмет етіп, көзге түскен Алаш қайраткерлерінің бірі.

Нұрғали Ипмағамбетов 1882 жылы Орал облысы Орал уезі 1-Қараоба болысы Төлектөбе ауылында (қазіргі Теректі ауданы) дүниеге келген. Әкесі Ипмағамбет орта шаруа адамы болған. Тегі – қарақалпақ этнографиялық тобының Бөкеней бөлімі. Ипмағамбетов Н. 1896 жылы Қараоба болыстық төрт класты орыс-қазақ мектебін мақтау грамотасымен бітірген соң, ағасы, кейін Жайық өңірінде революциялық қозғалысқа белсене қатысқан Меңдігерей Ипмағамбетовтің көмегімен және Қараоба болыстық мектебінің директоры Василий Романовтың, Б.Қаратаевтың қолдауымен Орал әскери-реалды училищесіне оқуға түседі.

Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінде Нұрғали Ипмағамбетовтың № 27109-ісінің, 89-бетінде оның аттестаты сақталған. Аттестатта Нұрғали Ипмағамбетов Орал облысы, Орал уезі № 5 ауылда 1882 жылы дүниеге келген, магментандық діннің өкілі. Ол 1895 жылы тамызда әскери училищеге түсіп, 1902 жылы 1 маусымда оның толық курсын аяқтаған. Нұрғали Ипмағамбетовке осы аттестаттың берілгені туралы куәландырылған. Ипмағамбетовтің оқу бітіргендегі білім көрсеткіштері мынадай:

Орыс тілі – 3 (қанағаттанарлық). Неміс тілі – 4 (жақсы).

Француз тілі – 4 (жақсы). Арифметика – 4 (жақсы). Алгебра – 4 (жақсы). Геометрия – 3 (қанағаттанарлық).

Тригонометрия – 3 (қанағаттанарлық). Тарих – 5 (өте жақсы).

География – 5 (өте жақсы). Физика – 4 (жақсы).

Жаратылыс тарихы – 5 (өте жақсы). Сызу – 5 (өте жақсы).

Сурет салу – 5 (өте жақсы).

Азаматтық қызметке орналасқан кезде Ипмағам-

бетов Қасиетті Заңның 99-бабы бойынша, екінші разрядты оқу орындарының білімі бойынша жеңілдіктерге ие болады. Бұл аттестатқа училищенің мөрі басылып, қолдары қойылған, 1902 жылы 16 қараша күні Ипмағамбетовке берілген [1].

БҚОМ қорындағы Нұрғали Ипмағамбетов №27088 ісінің 68-бетінде Орал әскери-реалды училищесінің қосымша класын бітіргені туралы куәлігі бар. Онда ол 1882 жылы дүниеге келген, Орал әскери училищесінің 1903 жылы тамыз бен 1904 жылы 4 маусым аралығында өте жақсы тәртібімен 7 класын бітірген, Орал әскери училищесінің қосымша класының оқушысы емтихан тапсыру кезінде Нұрғали Ипмағамбетов мынадай білім көрсеткішін көрсетті делінген:

Орыс тілі – 4 (жақсы). Неміс тілі – 4 (жақсы). Арифметика – 4 (жақсы). Алгебра – 4 (жақсы). Геометрия – 4 (жақсы). Тарих – 5 (өте жақсы). Тригонометрия – 4 (жақсы). Физика – 4 (жақсы). Жаратылыстану – 5 (өте жақсы). Сурет салу – 4 (жақсы).

Проекциялық сызу – 5 (өте жақсы).

Математикалық және физикалық география – 4 (жақсы).

Сонымен қоса Ипмағамбетов Орал әскери училищесінің жарғысының 90-бабына сәйкес жоғарғы арнайы оқу орнына оқуға түсе алады делінген. Бұл куәлік оған 1904 жылы 4 шілдеде берілген [2].

Училищеде жүргенде «Уральец» газеті баспаханасының әріп терушісі, татар әдебиетінің болашақ классигі Ғабдолла Тоқаймен танысып, достасқан. Ғабдолла Тоқай бірнеше рет Қараобада, Ипмағамбет ауылында болған. Нұрғали Ипмағамбетов бір жылдық жоғары оқу орнына әзірлейтін курстан өткеннен кейін, 1904 жылы Санкт-Петербург әскери-медицина академиясына оқуға түседі. Санкт-Петербургтегі бірінші орыс революциясы тұсында студенттер толқуына қатысқаны үшін ол оқудан шығарылып, төрт ай түрмеде отырады. Ол академияның озық ойлы оқытушыларының талап етуімен оқуға қайта қабылданып, оны 1911 жылы бітіріп шығады.

Оқуды бітірген соң 1911-1913 жылдар Термез қаласында дәрігер, Түркістан атқыштар дивизиясының 113-полкінде аға дәрігер. 1914 жылы Бірінші дүниежүзілік соғыс басталған кезде Кавказ майданына жіберілді. 1915 жылы «Қазақ» газеті Кавказда, майданда жүргенде екі қайтара сүзек болып ауырып, екі ай демалыс алып елге келгенін хабарлайды. 1916 жылы майдандағы орыс армиясының бас хирургі

болып жұмысқа тағайындалады. Осы жылы күзде медицина қызметі полковнигі атағын алады. 1917 жылдың басында бірқатар жауынгерді жарамсыз деп әскер қатарынан босатуға қатысқаны үшін тұтқындалып, Сібірге жер аударылады. Сібірден Ақпан революциясынан соң оралады, содан елге келіп, Алаш қозғалысына араласады. 1917 жылдың шілде айында Ойыл бекінісінде өткен 2-інші Орал облыстық қазақ съезіне Қараоба болысынан делегат болып қатысады. Съезд аясында өткізілген земство управасының мүшесі болып сайланады. 1917 жылы шілдеде өткен 1-інші жалпықазақ съезінде Орал облысынан Құрылтай жиналысына депутат кандидаттығына ұсынылады және Алаш партиясы атынан Құрылтай жиналысы депутаты атанады. Сол жылы қыркүйекте Досмұхамедовтерге қарсы топты бастаған Ғұбайдолла Әлібековпен бірге Мәскеу, Петроградқа барады. Оралғаннан кейін ауыл интеллигенциясы өкілдерінен өздерімен пікірлес, жақтас топ құрады. 1917 жылы желтоқсанда 2-жалпықазақ съезіне Орал облысынан делегат болып қатысады. Съезде Алаш автономиясын дереу жариялауды жақтап дауыс береді.

1918 жылы қаңтарда Қаратөбе кентінде өткен III Орал облыстық қазақ съезіне қатысады.

Съездегі идеялық емес, топтық дүрдараздық кезінде Ғ.Әлібеков тобын жақтап, «Ақ жол» ұйымының құрамына кіреді. Қаратөбе съезінен соң Орал қаласына келіп, Орал облысында солдат, жұмысшы, шаруа және қазақ депутаттарының Құрылтай съезіне қатысады, облыстық Совдеп атқару комитетінің денсаулық сақтау комиссары болып сайланады. Орал казактарының әскери үкіметінің 29 наурызға қараған түнгі төңкерісінен кейін Темір уезіне келеді. «Ақ жол» тобының мүшелері А.Кенжин, С.Қаратілеуов және Ғ.Есенғұловпен бірге сөз жүзінде Темір уездік атқару комитетінің халық шаруашылығы бөлімі деп атанған, іс жүзінде земстволық управа қызметін атқарған жергілікті басқару органының жұмысына қатысады. Айтылған қайраткерлермен бірге Ташкенттен келе жатқан Мұстафа Шоқайдың Орал, Орынбор бағытына өтуін ұйымдастырады, ақ казактардан қашып, Темір, Ақбұлақ маңына келген Ә.Әйтиев, М.Ипмағамбетовтерге көмек көрсетеді. 1918 жылы жазда Ақтөбе майданында Зиновьев басқарған Қызыл армия жеңіске жетіп, Темір, Жұрын атырабы Фогельдің «Тарбо» отрядының қолына көшкеннен кейін елге, Оралға қайтып оралады. Сол жылғы тамыз айында жергілікті қазақ атқару комитеттері мен Алаш партиясы атынан Самарадағы Құрылтай жиналысы мүшелері комитетіне (Комуч) мүше болып кірген, он бір Алаш қайраткерлерінің бірі. Қазақ атқару комитеті атынан кірген Ғ.Әлібековпен бірге Комучтен қаржы алып, Жайық өңірінде Самара комитетінің билігін нығайту жолындағы үгіт-насихат жұмысымен шұғылданады. Комуч пен Сібір Уақытша үкіметінің 1918 жылғы қыркүйекте Уфада өткен мәжілісіне қатысады. Сол жылғы қыркүйекте Комуч тарапынан Алашорданы тану жөнінде декларация қабылданып, Уфа мәжілісінен кейін ресми түрде Алаш автономиясының Батыс бөлімін басқару жөніндегі Алашорда бөлімшесі (Батыс Алашорда) құрылғаннан кейін жаңа ұлттық мемлекеттік құрылымның Уақытша Бүкілресейлік үкіметінің (Директория) саясатын жүргізуі жағында болады.

1919 жылы жазда Батыс Алашорда үкіметі Ипмағамбетовке қалаған қызметін атқаруды ұсынды. Ұсыныстың жүзеге асуына майдандағы текетірес жағдай және ағасы М.Ипмағамбетовтың

Орал казактарының әскери үкіметі қысымымен Батыс Алашорда тарапынан тұтқынға алынуы кедергі жасады. 1919 жылы күзге салым Орал қаласына келіп, РК(б)П қатарына өтуге арыз береді. Сол жылғы қарашада Қызыл армия ақ казактардан босатқан Жымпиты, Қаратөбе атырабына дәрігерлік-санитарлық отрядты бастап келіп, ауылдарда етек алған сүзек індетіне қарсы санитарлық өңдеу, індет ошақтарын жою шараларын ұйымдастырады. Жымпитыда, Қаратөбеде стационарлық емдеу лавареттерін ашады. 1919 жылы желтоқсанда Қазақ әскери революциялықкомитетінің ұсынуымен Орал облысы ревкомы тарапынан Орал облысы денсаулық сақтау бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып тағайындалады. 1920 жылы 24 маусымдағы Қаз-әсрревкомның шешімімен Орал губревкомның жаңа құрамына мүше болып өнді. РК(б)П қазақ облыстық бюросы сол күнгі мәжілісінде оны осы құрамда қалдырады. ҚазАКСР Кеңестерінің 1920 жылғы Құрылтай съезінде ҚазАКСР ОАК мүшесі болып сайланады. 8-інші Бүкілресейлік Кеңестер съезіне делегат болып қатынасады. Кейінірек денсаулығының нашарлауына байланысты қызметтен босап, ауылда шаруамен айналысады. 1922 жылы 13 тамызда қайталап соққан сүзектен қайтыс болады.

БҚОМ қорында Нұрғали Ипмағамбетовтің ісінде № 27086к 66-бетінде баласы Әнуар Ипмағамбетовтің 19.12.1977 жылы жазған Нұрғали Ипмағамбетов туралы естелігі бар. Онда Нұрғали Ипмағамбетов – жоғары дәрежелі білім алған қазақтың алғашқы әскери дәрігерлерінің бірі, Ұлы Октябрь социалистік революциясы жылдарында Батыс Қазақстанда Кеңес үкіметін орнатуға белсене қатысқан. Россия Коммунистік (большевиктер) партиясының мүшесі болған адам деп көрсетілген [3].

Нұрғали Ипмағамбетов – жоғары білімді алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі, Алаш қозғалысының қайраткері, халқы үшін еңбек еткен азамат [4, 80-б.]. Қазақ жеріндегі сүзек ауруына қарсы күрескен және соның жолында қаза тапқан, ел азаматы. Батыс Қазақстан облысында дүниеге келген, біздің жерлесіміз [5, 240-б.].

РЕЗЮМЕ

В статье рассказывается о нашем земляке, уроженце Западно-Казахстанской области, который учился в Уральском военно-реальном училище. Он также окончил Санкт-Петербургскую медицинскую академию. Нурғали Ипмағамбетов – видная фигура в Западной Алаш-Орде и врач, который боролся с чумой.

The article tells about our countryman, a native of the West Kazakhstan region, who studied at the Ural Military Real School. He also graduated from the St. Petersburg Medical Academy. Nurgali Ipmagambetov is a prominent figure in Western Alash-Orda, and a doctor who fought against the plague.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.БҚОМ № 27109-В.
- 2.БҚОМ № 27088-қор.
- 3.БҚОМ № 27086-қор.
- 4.Д.Сүлейменова. Алаш қозғалысы және Жаһанша Досмұхамедов.- Орал, 2010, 80-б.
- 5.Д.Сүлейменова. Жаһанша Досмұхамедов һәм Қазақ автономиясы. – Алматы, 2018, 240-б.